

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2025»  
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XX Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2025»**

**PROCEEDINGS  
of the XX International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2025»**

**2025  
Астана**

УДК 001(06)  
ББК 72я631  
F96

**«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2025» студенттер мен жас ғалымдардың  
XX Халықаралық ғылыми конференциясы = XX Международная  
научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE  
BILIM – 2025» = The XX International Scientific Conference for  
students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2025». – Астана:  
– 3813 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-08-5373-7

**Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас  
ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті  
мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.**

**The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young  
researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities. В сборник  
вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по  
актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.**

УДК 001(06)  
ББК 72я431  
F96

ISBN 978-601-08-5373-7

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2025

		сауаттылығын арттыру	
203.	Эрболат А.	Орта мектепте нанотехнология ұғымын оқытудың тиімді әдістері	808

## СЕКЦИЯ 2

### СОВРЕМЕННЫЕ ИНФОРМАЦИОННЫЕ И КОММУНИКАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ

Подсекция 2.1			
Цифровая трансформация образования			
204.	Адалбек Н.	«Традиционные и интеллектуальные подходы в обучении»	812
205.	Бакенова А.А.	«Цифровизация тестирования: разработка нейросетевого приложения для формирования заданий по английской грамматике»	816
206.	Бекмурат А.Е.	«Инновационные методы обучения информатике в школе на основе искусственного интеллекта»	821
207.	Назарова А.Т.	«Развитие цифровых компетенций учителей в условиях персонализированного обучения»	826
208.	Нуриева Д.Р.	«Цифровая трансформация педагогики: роль информационных технологий в повышении квалификации преподавателей»	830
209.	Абдуашимова П.М.	«Білім беру процесінде жасанды интеллект технологияларын қолданудың тиімділігі»	833
210.	Ажибаева А.Д.	«Мектеп информатикасын оқытудағы кемшіліктерді жою жолдары»	837
211.	Асылбек М.А.	«Орта мектепте білім беру үдерісінде үлкен деректерді қолдану әдістемесі»	842
212.	Аталова А.Е.	«Әлеуметтік желілерді информатика пәні бойынша оқыту құралы ретінде пайдалану»	845
213.	Балтабаев Н.П.	«Мектептерде сабақ кестесін автоматтандыруға арналған интеллектуалды жүйе құру»	851
214.	Балтабаев Н.П., Дәрменов Ә.М., Мұратова М.М.	«Жасанды интеллект негізінде жаратылыстану пәндерін оқытуды жетілдіру: BilimALL AI платформасының мүмкіндіктері»	854
215.	Баумуратова Х.Б.	«АКТ оқыту барысында бастауыш сынып оқушыларының цифрлық сауаттылықтарын қалыптастырудың әдістемесі»	856
216.	Баумуратова Ш.Б.	«Жасанды интеллект негізінде инклюзивті білім беруді жетілдіру»	859
217.	Ғазиз Ж.Е.	«Бастауыш мектепте ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқыту әдістемесі»	863
218.	Дәрменов Ә.М.	«Информатиканы қолжетімді ететін мобильді "BilimAll" қосымшасы»	866
219.	Дүйсегалиева Н.А.	«HIGH-TOUCH HIGH-TECH моделі арқылы болашақ информатика мұғалімдерін машиналық оқыту негізінде даярлаудың	870

	инновациялық тәсілдері туралы»	
220.	Еликбай А.Ж. «Ақпараттық дәуірде білім берудің жаңа кезеңі – Инфографика»	874
221.	Жаңабекқызы А. «EDCAFE AI көмегімен сабақты жоспарлау»	879
222.	Жумабекова У.Б., Сабырова М.Е., Сабыров Т.С. «Информатика пәнін жобалап оқыту технологиясы»	883
223.	Кендебай Н.А. «EDUVISION білім беру процесін қадағалайтын қосымша»	888
224.	Көшенова А. «Цифрлық сауаттылықтың мектеп курсы бойынша интеллектуалдық оқу басылымдарына арналған дидактикалық материалдар»	891
225.	Куанышева Д.Ж. «Инклюзивті білім беруде педагогтың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдану даярлығын жетілдіру»	893
226.	Мауленова М.А. «Үлкен деректерді өңдеуде машиналық оқытудың әдістері мен құралдары»	897
227.	Мылтыкбаева Ж.Т. «Жаратылыстану пәндерін STEM білім беру мен ROS операциялық жүйесі негізінде кешенді оқыту»	901
228.	Надирхан Г.Е. «Ауыл мектептерінде цифрлық оқытуды дамыту мүмкіндіктері»	903
229.	Орынбаев М.Ж. «Компьютерлік көру алгоритмдерін машиналық оқыту негіздері бойынша қолданудың оқу-әдістемелік негіздері»	907
230.	Сабитова А.Б., Ражапова А.Н. «Жасанды интеллект және білім: болашақ мұғалімдерге арналған жаңа мүмкіндіктер»	910
231.	Сағындықова А.С. «Болашақ информатика мұғалімдерін магистратураға даярлаудағы онлайн-курстардың рөлі»	915
232.	Сайлау Ж.Б. «Халықаралық зерттеуге оқушыларды АКТ арқылы дайындаудағы педагогтердің құзыреттілігін арттыру жолдары»	918
233.	Төрәлі Қ.Н. «Бастауыш сынып оқушыларының цифрлық сауаттылығын дамытудың ерекшеліктері»	923
234.	Турмаганбетова З.П., Алтыбаева А.Н. «Ерекше білімді қажет ететін оқушыларға мектеп информатика курсы оқытуды ұйымдастыру»	927
235.	Халхабай А. ««Алгоритмдеу және бағдарламалау» курсы бойынша мобильді қосымшаны оқу үдерісінде қолдану»	931
236.	Ысмайыл Н. «Мектеп информатика курсына жобалық оқыту әдісін енгізу»	936
237.	Ізбасарова М.Р. «Білім берудегі тестілеу жүйелері»	938

## Подсекция 2.2

### Интеллектуальные информационные системы

238.	Amantayeva Gulden Turarkyzy «Comparative analysis of models and methods in heart disease prediction problems»	944
------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----

239.	Tanirbergenov Meirbek Sagyndykovich «Facial Recognition-Based Attendance Management»	947
240.	Toleubay Daniyar Manatuly «Cardiac disease prediction using machine learning algoritms»	952
241.	Yerezhepov Rakhat Aibulatovich «Detecting logical fallacies in web content with nlp-powered crawling»	957
242.	Ажикенов Арман Русланович, Абашев Арслан Азатабекович «Оптимизация дорожного трафика в Астане через симуляцию транспортных потоков»	962
243.	Аманжол Альфараби Маликович, Сабит Мадияр, Кушербаев Бекзат Алибекулы «Система визуализации и анализа данных о передвижении нефти на основе интерактивной карты»	968
244.	Аскапова Мадина Куанышбековна «Параллельді қазақ-түрік сөйлеу корпусы қалыптастырудың әдісі мен моделін құру»	972
245.	Бекқожин Дастан Ақанұлы «Терең оқыту негізінде қолжазба таңбаларын тану программалық құралын әзірлеу»	975
246.	Дакенов Алишер Мырзахметұлы «Анализ сигналов ЭЭГ нейросетевыми методами для ранней диагностики нейродегенеративных заболеваний»	978
247.	Доспол Нәзгүл Нурланқызы, Жеткенбай Лена «Балабақшадағы балалардың эмоциялық жағдайын бақылауға арналған эмоцияларды тану жүйесін әзірлеу»	987
248.	Ермекбай Айболат, Молдабек Елжан «Жасанды интеллект негізінде веб-қосымша әзірлеу»	992
249.	Жұмал Жания Ержанқызы, Абдурахман Жансая Берікжанқызы «Применение голосового ИИ-помощника в геймифицированной образовательной среде»	1001
250.	Каримов Руслан Жасинович «Эффективность существующих ИИ-решений в основных направлениях транспортной логистики»	1007
251.	Кубиева Сабина Талгатовна, Утепбергенова Зарина Арманкызы «Разработка iot системы по уходу за растениями на базе искусственного интеллекта»	1012
252.	Кудобаев Даниал Дулатович «Разработка информационной системы для автоматизации стоматологических услуг»	1017
253.	Мусина Данель Тлеухановна «Интеллектуальные инструменты автоматизированной диагностики надежности информационных систем»	1024
254.	Рогова Ксения Александровна, Қабдыбек Ризат Досмжанұлы, Джумадиева Тогжан Бекежановна «Мониторинг инженерных конструкций на основе искусственного интеллекта»	1030

255.	Сафонова Софья Александровна «Современные аспекты информационной безопасности в облачных вычислениях: модели, угрозы и методы защиты»	1034
256.	Смаилова Назгүл Батырбекқызы «Терең оқыту арқылы кітап ұсыныстарын әзірлеу: collaborative filtering, content-based және nlp әдістерінің комбинациясы»	1041
257.	Тажібай Аружан Айдосқызы, Кудубаева Сауле Альжановна «Көру қабілеті әлсіз адамдарға арналған ai дауыстық көмекші: нақты уақытта объектілерді анықтау және қашықтықты бағалау»	1046
258.	Тайжанов Азамат Жанкелдіұлы «Python тілінде фильмдердің интеллектуалды ұсыныс жүйесін әзірлеу»	1051
259.	Умирзахов Сундетали Кабылбекович «Сұраныстарды интеллектуалды талдау негізінде ұйымның сайты үшін чат-бот құру»	1055
260.	Шайхстан Марғұлан «ИОТ Сенсорлары негізінде ауа ластану деңгейін болжау»	1060

### Подсекция 2.3

#### Современные тенденции в программной инженерии и управлении в условиях цифровой индустрии

261.	Bekenova A.B. «Development of a registration panel for users and doctors with integration into the database»	1077
262.	Bolat A.Zh. «Data analysis methods and decision making using big data and machine learning tools»	1081
263.	Алтайұлы А. «Visual studio интегралды ортасында «қойма қызметкерлеріне арналған» мәліметтер қорын жобалау»	1086
264.	Арап А.Қ. «Ақылды сурет салушы роботты әзірлеу»	1088
265.	Артыкбекқызы А. «Ақылды үйлердегі заттар интернеті(iot) мен робототехниканың өзара әрекеттесуі»	1091
266.	Ахметова А.Д. «Тоңазытқыштағы өнімдерді бақылауға және тағам әзірлеу ұсынысын беруге арналған программалық қосымша»	1096
267.	Дәрібай Д.Д. «Робототехниканы қолдану арқылы қойма логистикасындағы қолданыстағы басқару жүйелерін талдау»	1100
268.	Жамбулов С.Ж. «Білім алушыларды информатика және программалау олимпиадаларына дайындауда жасанды интеллекттің қолданысы»	1102
269.	Каиржан Р.С. «Development of system for recognition of emotional states of employees based on computer vision methods on Raspberry Pi»	1108
270.	Кайрекенова Н.Р. «Өнеркәсіптік роботты көру үшін машиналық оқытудың заманауи тәсілдері: әдістер, деректер жиынтығы және оптимизациялау»	1111

271.	Калижан А.К. «Разработка системы биометрической аутентификации с предотвращением deepfake атак»	1113
272.	Касылкасова К.Н. «Программное обеспечение smartmed для обработки медицинских данных и диагностики»	1118
273.	Қабдешев Ә.Е. «Жөтелді талдау негізінде денсаулықты диагностикалаудың интеллектуалды программасын әзірлеу»	1120
274.	Махаев Е.Е. «Разработка облачного приложения для автоматизации деятельности сети аптек»	1123
275.	Муратов М.М. «Эффективность единой информационной системы агропромышленного комплекса»	1126
276.	Нуржанова А.Б. «Современные методы классификации эмоций: анализ подходов и перспективы развития»	1130
277.	Нурпеисова З.Р. «Обзор и исследование методов искусственного интеллекта для анализа рынка недвижимости»	1134
278.	Рақымбек А.С. «Кітапқұмарларға арналған платформа: кітаптарды оқу және бөлісу үшін әлеуметтік желіні жобалау және іске асыру»	1138
279.	Сагидуллина Д.С. «Visual studio интегралды ортасында «қаржылық транзакцияларды қадағалау және талдауға арналған» мәліметтер қорын жобалау»	1144
280.	Төлеубай Д.М. «Yolov10 қолдану арқылы рентген суреттерінде сүйек сынуын анықтауды кешенді зерттеу»	1147
281.	Утегенова Д.Б. «Visual studio интегралды ортасында «фитнес орталық қызметкері үшін» мәліметтер қорын жобалау»	1152
282.	Шаймуратов А.Ж. «Проектирование аппаратно-программного комплекса для автоматизированного учета железнодорожного подвижного состава»	1154
<b>Подсекция 2.4</b>		
<b>Информационная безопасность</b>		
283.	Akniyet N. «Smart home automation and security system using arduino uno r4 and esp32 microcontrollers with telegram integration»	1158
284.	Askhatov A. «Analysis of social engineering methods and development of a defense strategy for corporate structures»	1165
285.	Bekturganov A.B. «Development of an early detection model for ddos attacks based on network traffic analysis»	1170
286.	Gabdullin A. «Analysis of modern wireless network security protocols and prospects for their development»	1174

287.	Garifullin A. «Modern information security management systems: construction and implementation in the digital era»	1179
288.	Igumenshev D.V. «Methods of embedding malicious code into pdf files»	1182
289.	Issabay T.B. «Utilizing sandboxes for cybersecurity training: a hands-on approach»	1187
290.	Kalybayev S. «Overview of modern authentication methods in telecommunication systems: from passwords to biometrics»	1191
291.	Kerim A. «Owasp top 10 and alternative methods of its compilation»	1194
292.	Yergazin A. «Analysis of a protection of hybrid intrusion detection and prevention system (idps) for low-latency 5g networks with adaptive learning using edge computing»	1199
293.	Yerzhanova Y.Y. «Key attacks in web forensics: xss, sql injection and rce»	1204
294.	Zhakay A. «Fundamentals of modern cryptography: from encryption to digital signatures»	1209
295.	Айдарова А.А. «Visualvm көмегімен cast-128 және kuznyechik блоктық шифрларының кілт генерациясын салыстыру және стандарттарға шолу»	1214
296.	Акимбекова Д.М., Каиржанова Д.Ж. «Жергілікті желінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін негізгі параметрлер»	1220
297.	Аскарлов А.Д. «Разработка и исследование эффективности метода и инструмента для выявления фейковых новостей в социальных сетях»	1224
298.	Ауесхан Н. «Аномалияларды анықтау әдістерін талдау»	1229
299.	Ерболатов А. «Анализ вредоносных программ с помощью ии и криптографическая защита»	1332
300.	Ерболатова А.Ж. «Neuvector және kubernetes: контейнерлік ортадағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәсілдері»	1336
301.	Жанатаев М.К. «Стеганография на основе lsb: реализация сокрытия данных в медиафайлах»	1338
302.	Жарасхан Н.Ж., Қайупов Е.К. «Crystals-kyber алгоритмін ресурсы шектеулі құрылғыларға оңтайландыру»	1343
303.	Жолдасбаев М.Ә. «Заманауи операциялық жүйелердегі жады дампы кескінін алу құралдарын талдау және салыстыру»	1348
304.	Жолмұратұлы Б., Маратов Ә.Б., Ховдабай Н.А. «Екі факторлы	1353

	аутентификацияның қауіпсіздігі және оның қолданылуы»	
305.	Кадринов Д.М. «Автоматизация внедрения альтернативной soag платформы на основе средств со свободной лицензией»	1357
306.	Казбаганбетова М.А. «Wireshark бағдарламасын пайдаланып желілік трафикті талдау және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету»	1361
307.	Кәкімбек Ә.Қ., Серікбай А.Е., Наурызбаев Д.Е. «MITM шабуылы туралы»	1366
308.	Кеттеш Б.Н. «ELF талдауындағы capstone: сызықтық және рекурсивті дизассемблерлеу»	1370
309.	Көшкінбаева Ф.Қ. «Linux қорғаудың заманауи әдістеріне талдау.openvas және nmap көмегімен осалдықтарды анықтау»	1374
310.	Қадыр Н.Е. «Заманауи фишинг түрлері мен олардың ұйымдық ақпараттық жүйелерге ықпалы»	1379
311.	Қажкен Е.Е., Темиржан С.А. «Қауіпсіздік инциденттеріне қалай жауап беруге болады?»	1384
312.	Қартбай Е.Ғ., Тынарбай Н.И. «MITM шабуылы (адамның ортадағы шабуылы)»	1388
313.	Маратов Б.Ж. «Әлеуметтік инженерия қауіпсіздікке қатер ретінде: қызметкерлерді қорғау және оқыту әдістері»	1393
314.	Мағзумов А.М. «Websocket протоколындағы осалдықтарды талдау»	1397
315.	Майданов А.С. «Автоматизация процесса анализа оперативной памяти с использованием python»	1401
316.	Мақсат Ә., Нурсейтов С. «Блокчейн қажеттілік пе, әлде сән бе?»	1406
317.	Қ. Мырзағалиұлы. «Инциденттерді анықтауда желілік логтарды талдаудың маңызды рөлдері»	1409
318.	Нурбатуров С.К. «Интеграция honeypot в ит-инфраструктуру компании»	1412
319.	Нуриева Д.Р., Исайнова А.Н. «Анализ рисками безопасности данных в медицинских учреждениях»	1415
320.	Нұрлан А.Т. «Кескіндердегі статистикалық стегоанализ әдістері»	1420
321.	Оралбеков Е.А. «Ddos-шабуылдардың жаңа буыны»	1424

322.	Рамазанова Ж, Нұрлан А, Жайсанбаева А. «Бұлтты технологияларды пайдалану кезіндегі тәуекелдер мен қауіпсіздік шараларын зерттеу»	1430
323.	Сахатбекқызы Т., Бахтиярқызы Т.А. «IoT құрылғыларының желідегі қауіпсіздігін қалай қамтамасыз етуге болады: стратегиялар және packet tracer көмегімен модельдеу»	1434
324.	Серғазы М. «Повышение производительности разработчиков с помощью интегрированных искусственных интеллектов и соображения кибербезопасности»	1440
325.	Султанов А.М. «Стеганография в кибербезопасности казахстана»	1443
326.	Танатаров Е., Іргебай С., Султанов А. «WI-FI желісінде шақырылмаған қонақтарды автоматты түрде анықтау жүйесі»	1447
327.	Таубай М.Е. Раматуллаев Ә.А. «Фишинг: желідегі beef әдісі арқылы алдау және одан сақтану»	1452

### СЕКЦИЯ 3 ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ

		ПОДСЕКЦИЯ 3.1 АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННОЙ БИОЛОГИИ	
328.	Акимкара А.Б.	Гербарийдің ботаникалық зерттеулерде қолданылуы және гербарий қорындағы кеппе шөптің қалыптасу ерекшеліктері	1457
329.	Ақылбек А.	Астана қаласындағы ботаникалық бағының ландшафттағы <i>geranium sanguineum</i> биологиялық ерекшеліктеріне сипаттама беру	1459
330.	Әділхан Ж.	Мобильді байланыс пен қолданбалардың адамның мінез-құлқына әсерін анықтау	1463
331.	Базарбаева Қ.	Жасөспірімдерде девиантты мінез-құлықтың даму қаупі	1467
332.	Байдосова А.Б.	Методика использования игровых технологий на уроках биологии	1471
333.	Байдосова А.Б.	Актуальные проблемы современной биологии с использованием игровых технологий в образовании	1474
334.	Ғазизова Ә.	Сәулеленген егеуқұйрықтардың бүйректеріндегі морфофункционалдық өзгерістерді салыстырмалы бағалау	1477
335.	Еркін З.Б.	Биология сабақтарында оқушылардың сыни ойлау қабілетін жетілдіруде блум таксономиясын пайдалану	1482
336.	Жанабергенова	Кенеттен жүрек өлімі: генетикалық аспектілері	1486

3. E. Zhantileuov, A. Smayyl, A. Aibatbek and S. Kassymkhanov, "A Case Study of Machine Learning Comparisons for Predicting Apartment Prices in Astana," 2023 IEEE International Conference on Smart Information Systems and Technologies (SIST), Astana, Kazakhstan, 2023, pp. 305-309, doi: 10.1109/SIST58284.2023.10223463.
4. Y. Luo, "Residential asset pricing prediction using machine learning," in 2019 International Conference on Economic Management and Model Engineering (ICEMME). IEEE, 2019, pp. 193-198.
5. P. Durganjali and M. V. Pujitha, "House resale price prediction using classification algorithms," in 2019 International Conference on Smart Structures and Systems (ICSSS). IEEE, 2019, pp. 1-4.
6. R. Sawant, Y. Jangid, T. Tiwari, S. Jain, and A. Gupta, "Comprehensive analysis of housing price prediction in pune using multi-featured random forest approach," in 2018 Fourth International Conference on Computing Communication Control and Automation (ICCUBEA). IEEE, 2018, pp. 1-5.
7. Y. Piao, A. Chen, and Z. Shang, "Housing price prediction based on cnn," in 2019 9th international conference on information science and technology (ICIST). IEEE, 2019, pp. 491-495.
8. C. R. Madhuri, G. Anuradha, and M. V. Pujitha, "House price prediction using regression techniques: a comparative study," in 2019 International conference on smart structures and systems (ICSSS). IEEE, 2019, pp. 1-5.
9. Q. Truong, M. Nguyen, H. Dang, and B. Mei, "Housing price prediction via improved machine learning techniques," Procedia Computer Science, vol. 174, pp. 433-442, 2020.
10. N. V. Dharwadkar and S. S. Arage, "Prediction and estimation of civil construction cost using linear regression and neural network," International Journal of Intelligent Systems Design and Computing, vol. 2, no. 1, pp. 28-44, 2018.
11. Козлова Наталья Геннадьевна, Айтенова Мансия Сапаровна ИССЛЕДОВАНИЕ РЫНКА ЖИЛОЙ НЕДВИЖИМОСТИ (НА ПРИМЕРЕ ЦЕНТРАЛЬНОГО КАЗАХСТАНА) // Вестник РУК. 2023. №1 (51). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/issledovanie-rynka-zhiloy-nedvizhimosti-na-primere-tsentralnogo-kazahstana> (дата обращения: 03.03.2025).

ӘӨЖ 004.9

## КІТАПҚҰМАРЛАРҒА АРНАЛҒАН ПЛАТФОРМА: КІТАПТАРДЫ ОҚУ ЖӘНЕ БӨЛІСУ ҮШІН ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІНІ ЖОБАЛАУ ЖӘНЕ ІСКЕ АСЫРУ

**Рақымбек Ақерке Сақанқызы**

[rahimbekovaakerke103@mail.ru](mailto:rahimbekovaakerke103@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Ақпараттық технологиялар факультеті  
6B06103-«Ақпараттық жүйелер» білім бағдарламасының 4 курс студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі, PhD, аға оқытушы – **Ж.Б. Ламашева**

**Аңдатпа.** KitarConnect платформасы кітап сүйер қауымға арналған әлеуметтік желіні әзірлеуге арналған. Жобаның басты мақсаты пайдаланушыларға кітаптарды іздеу, басқару, жекелендірілген ұсыныстар алу және әлеуметтік байланыстар орнату мүмкіндігін ұсыну. Жұмыс заманауи технологияларды (React.js, Node.js, PostgreSQL) пайдалана отырып, платформаның сенімділігі мен тиімділігін қамтамасыз етті. Бұл жоба кітап оқуды насихаттайтын және пайдаланушылардың әдеби қауымдастығын нығайтатын құрал ретінде маңызды рөл атқарады.

**Кілттік сөздер.** Әлеуметтік желі, платформа, жасанды интеллект, қолданушы интерфейсі.

Қазіргі цифрландыру дәуірінде индиplotернет пен әлеуметтік желілер адамдардың күнделікті өмірінде маңызды орын алып отыр. Әлеуметтік платформалар тек жеке коммуникация мен ақпарат алмасу құралы ғана емес, сонымен қатар қоғамдастық құру, мәдени мұраны сақтау және білім беруді қолдау құралы ретінде де ерекше маңызға ие. Statista мәліметтері бойынша, 2023 жылы әлеуметтік желі қолданушыларының саны 4,9 миллиардқа жетті, бұл олардың жаһандық деңгейдегі ықпалының қаншалықты зор екенін көрсетеді [1]. Қазақстандық контексте бұл көрсеткіш те өсіп келеді: Digital Report Kazakhstan деректері бойынша, 2023 жылы Қазақстанда 13 миллионнан астам адам әлеуметтік желілерді белсенді қолданған [2]. Дегенмен, көптеген халықаралық платформалар қазақстандық аудиторияның қажеттіліктерін, әсіресе, қазақ тілді пайдаланушылардың сұранысын толық қанағаттандыра алмайды. Әлеуметтік желілердің эволюциясындағы жаңа қадам Facebook-тің 2004 жылы пайда болуы болды. Facebook пайдаланушыларға өз профайлдарын жасау, достарымен байланыс орнату, топтар құру және іс-шараларды ұйымдастыру сияқты көптеген мүмкіндіктер ұсынды. Бұл платформа жеке тұлғалардан бастап ірі ұйымдарға дейінгі аудиторияны біріктіретін әмбебап құралға айналды [3]. Заманауи технологиялар әлеуметтік желілердің тиімділігін арттыруда және пайдаланушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруда ерекше рөл атқарады. Жасанды интеллект (AI) платформалардың негізгі қозғалтқыштарының бірі болып табылады және пайдаланушыларға жекелендірілген тәжірибе ұсыну арқылы олардың платформамен өзара әрекеттесуін жақсартады. Instagram және Facebook сияқты платформалар AI алгоритмдерін қолдана отырып, пайдаланушылардың мінез-құлқын, олардың қалаулары мен әрекеттерін талдайды [4].

Қазақстанда оқырмандар саны артып келе жатқанына қарамастан, олардың әдебиетке деген қызығушылығын қолдайтын заманауи сандық платформалардың жетіспеуі өзекті мәселе болып табылады. Бұл жұмыс KitapConnect платформасын құру арқылы осы олқылықтың орнын толтыруды мақсат етеді. Жаңа платформа тек кітаптарды басқару, пікір алмасу және әлеуметтік байланыс орнату сияқты функцияларды ғана емес, сонымен бірге қазақ әдебиетін насихаттау және жергілікті мәдени ерекшеліктерді ескеру арқылы аудиторияның сұранысын қанағаттандыруға бағытталады.

Сонымен қатар, мобильді қосымшаның болуы және оның әртүрлі құрылғыларда қолжетімділігі қазіргі заманғы платформалар үшін негізгі талаптардың бірі болып табылады. Қолданушылардың платформаны әрдайым және кез келген жерде пайдалана алуы олардың оған деген сенімін арттырады және ұзақ мерзімді қарым-қатынасқа негіз болады [5].


Платформада пайдаланушылардың әрекеттерін сипаттайтын User Flow диаграммасы әзірленді (Сурет 1 User Flow диаграммасы). Бұл диаграмма пайдаланушылардың платформадағы негізгі өзара әрекеттесу жолдарын көрсетеді, соның ішінде тіркелу, кітап іздеу, пікір қалдыру, достармен байланыс орнату және хабарлама жіберу сияқты маңызды қадамдар сипатталған.



Сурет 1 User Flow диаграммасы

Пайдаланушылардың жекелендірілген ұсыныстарға жоғары баға беруі платформаның интеллектуалды мүмкіндіктерін дамыту қажеттілігін көрсетті. Жасанды интеллект және деректерді талдау технологияларын пайдалану арқылы әрбір пайдаланушыға сәйкес келетін ұсыныстар жасау мүмкіндігі платформаның құндылығын арттырады. Сонымен бірге, сауалнама нәтижелері пайдаланушылардың ұлттық әдебиетке деген қызығушылығының жоғары екенін көрсетті. Қазақ және орыс тілдеріндегі контентке қолжетімділік және жергілікті авторларды қолдау платформаның ұлттық мәдениетті насихаттау құралы ретінде ерекше рөл атқаратынын айқындады.

Платформаның дизайндық концепциясы мен эстетикалық үйлесімділігі оның пайдаланушыларға тартымдылығын арттыруда шешуші рөл атқарады. Бұл аспект Сурет 2 Moodboard-та айқын көрсетілген, онда түстер палитрасы, қаріптер және интерфейс элементтерінің жалпы стильдік бағыты сипатталған. Moodboard платформаның минималистік және заманауи дизайнға негізделген құрылымын көрсетіп, пайдаланушылардың кітап оқу процесін ыңғайлы әрі эстетикалық жағынан жағымды етуге бағытталғанын дәлелдейді.



Сурет 2 Moodboard


KitarConnect – бұл кітап сүйер қауым үшін арнайы әзірленген әлеуметтік желі, оның негізгі мақсаты – пайдаланушылардың кітап оқу тәжірибесін жақсартып, әдеби қауымдастықтың дамуына ықпал ету. Платформаның функционалдық талаптарын анықтау пайдаланушылардың қажеттіліктеріне негізделген жүйені жобалауда шешуші рөл атқарады. Функционалдық талаптарды қалыптастыру барысында пайдаланушы сценарийлері (User Stories) және пайдаланушылардың платформамен өзара әрекеттесу картасы (Customer Journey

Mapping) әдістері қолданылды. Бұл әдістер платформаның әртүрлі пайдаланушыларға қалай тиімді қызмет көрсете алатынын, олардың талаптарына сәйкес қалай жұмыс істейтінін егжей-тегжейлі түсінуге мүмкіндік берді.

Интерфейсті әзірлеу барысында React.js және TailwindCSS сияқты заманауи технологиялар қолданылды. React.js платформаның бір беттен екіншісіне тез ауысуын қамтамасыз ететін, пайдаланушылар үшін үздіксіз тәжірибені қалыптастыратын құрал ретінде пайдаланылды. Ал TailwindCSS арқылы интерфейснің көрнекі элементтері тиімді түрде жасалды. Осы технологиялардың үйлесімі платформаны жоғары сапалы және пайдаланушылар үшін барынша ыңғайлы етуге мүмкіндік берді. Жобалау барысында PostgreSQL таңдалды, себебі бұл деректер базасы жүйесі жоғары өнімділікті, мәліметтердің тұтастығын және масштабталуын қамтамасыз етеді. Әрбір кесте нақты функцияны орындайды, бұл деректер құрылымының модульдік болуына және бүкіл платформаның икемділігіне септігін тигізеді. KitapConnect интерфейсі тек визуалды жағынан тартымды ғана емес, сонымен бірге пайдаланушылардың барлық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған тиімді және интуитивті құрал болып табылады.

KitapConnect платформасының интерфейсін әзірлеу процесі пайдаланушылардың тәжірибесін барынша жақсартуға бағытталды. Бұл мақсатқа жету үшін заманауи технологиялар, соның ішінде React.js, TailwindCSS және RESTful API қолданылды. Интерфейсті әзірлеудің бастапқы кезеңінде платформа қолданушыларының қажеттіліктерін зерттеу және түсіну басымдылыққа ие болды. Әрбір функционалдық элементтің дизайны мен құрылымы интуитивтілік, ыңғайлылық және эстетикалық үйлесімділікті қамтамасыз етуге бағытталды. Бұл тәсіл интерфейсін пайдаланушылар үшін қолжетімді ғана емес, сонымен қатар оларды қосымшамен тұрақты түрде өзара әрекеттесуге ынталандырады.

Бастапқы бет платформаның алғашқы беті ретінде пайдаланушыларды қарсы алатын орын болып табылады және оның тиімділігі платформаға алғашқы әсер қалдырады. Бұл бетте пайдаланушыларға кітаптарды іздеу және сүзгіден өткізу мүмкіндіктері ұсынылады.



Сурет 3 Басты бет

Әзірленген платформа беттерін қарастырып өтейік:


- Пайдаланушының профиль беті платформаның әрбір қолданушысы үшін жеке кеңістік ретінде жасалған.
- Кітап беті кітап туралы толық мәлімет ұсынатын негізгі бет болып табылады. Мұнда кітаптың атауы, мұқабасы, сипаттамасы және орташа рейтингі көрсетіледі.
- Достар беті пайдаланушылардың әлеуметтік байланыстарын басқаруға арналған және KitapConnect платформасын әлеуметтік желі ретінде ерекшелендіреді.
- KitapConnect платформасының дос профилі беті пайдаланушылар арасында әлеуметтік байланысты нығайтуға және басқа қолданушылармен ақпарат алмасуды

жеңілдетуге арналған маңызды элемент болып табылады.


– Пайдаланушылардың платформаға оңай қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында KitapConnect жүйесіне тіркелу және кіру беттері қарапайым әрі түсінікті етіп жасалған. Пайдаланушының тіркелу және кіру беттері осы функционалдық элементтердің қалай көрінетінін және олардың пайдаланушы тәжірибесіне қалай ықпал ететінін айқын көрсетеді.

– KitapConnect платформасы пайдаланушыларға тек кітаптарды талқылау мен оқуға арналған орын ғана емес, сонымен қатар олармен тікелей байланыс орнату мүмкіндігін береді. Чаттар функциясы арқылы пайдаланушылар өздерінің достарымен жеке хат алмаса алады, бұл платформаның әлеуметтік аспектісін күшейтеді. Чат интерфейсі қарапайым және ыңғайлы түрде жасалған, онда достар тізімі сол жақта орналасқан, ал оң жақта таңдалған пайдаланушымен хат алмасу терезесі көрсетілген. Пайдаланушылар хабарламаларды енгізіп, оларды жіберу мүмкіндігіне ие, сондай-ақ өткен хат алмасуларды қарауға болады. Сонымен қатар, чат жүйесі пайдаланушылардың достық қарым-қатынастарын нығайтып, платформаны тек ақпарат алмасу алаңы ғана емес, сонымен бірге толыққанды оқырман қауымдастығының бөлігі ретінде пайдалануға мүмкіндік береді.

– Эмоцияларға негізделген кітап таңдау жүйесі – KitapConnect платформасының инновациялық мүмкіндіктерінің бірі. Бұл функционал пайдаланушының ағымдағы эмоционалдық жай-күйін анықтау (4-сурет) арқылы оған сәйкес келетін кітаптарды ұсынуға бағытталған. Қазіргі уақытта ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы жасанды интеллект және бет-әлпет тану сияқты мүмкіндіктерді күнделікті қолдануға енгізуге мүмкіндік береді. Осыған сәйкес, Face-API.js технологиясы платформаның интеллектуалды мүмкіндіктерін кеңейтіп, пайдаланушыларға олардың нақты эмоциялық жағдайына сай кітаптар ұсыну үшін қолданылады. Ал Сурет 5 Эмоцияға байланысты кітаптарды ұсыну беті пайдаланушыға өңделген деректер негізінде арнайы таңдалған кітаптарды ұсынады, бұл оның оқуға деген қызығушылығын арттырады және платформада өткізетін уақытын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Осындай интеллектуалды тәсіл KitapConnect платформасын жай ғана кітап алмасу платформасы емес, интеллектуалды және жеке оқырман тәжірибесін қалыптастыратын ерекше экожүйеге айналдырады.



Сурет 4 Эмоцияны анықтау беті



Сурет 5 Эмоцияға байланысты кітаптарды ұсыну беті

Қорытындылай келе, платформаның техникалық негіздері заманауи технологияларға негізделді. Серверлік бөлік Node.js пен Express.js технологиялары арқылы іске асырылды, ал клиенттік қосымша React.js фреймворкі арқылы әзірленді. Деректер базасы ретінде PostgreSQL тандалып, бұл платформаның деректерді сенімді сақтау және тиімді басқару талаптарына жауап берді. Сонымен қатар, Firebase және Netlify сияқты үшінші тарап қызметтерін пайдалану жүйенің масштабталуын жеңілдетті және оның жұмыс істеу тұрақтылығын қамтамасыз етті. Сервер мен клиент арасындағы деректер алмасу RESTful API арқылы ұйымдастырылды, бұл платформаның компоненттерінің үйлесімді жұмыс істеуін қамтамасыз етті. Пайдаланушы интерфейсін әзірлеу кезінде визуалды тартымдылық, қарапайым навигация және интуитивті дизайн басымдыққа ие болды.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Statista. Number of social media users worldwide from 2018 to 2023. <https://www.statista.com/statistics/278414/number-of-worldwide-social-network-users/>
2. Digital Report Kazakhstan 2023. Қазақстандағы интернет және әлеуметтік желілерді пайдалану статистикасы. DataReportal, 2023. <https://datareportal.com/reports/digital-2023-kazakhstan>.
3. Кожельцова К.Д., Харитонов О.В. Социальная сеть Facebook как источник формирования межкультурной компетенции // НАУ. 2015. №4-5 (9). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/sotsialnaya-set-facebook-kak-istochnik-formirovaniya-mezhkulturnoy-kompetentsii> (дата обращения: 30.03.2025).
4. Kim S., Park J. AI-Driven Personalization in Social Media Platforms. // Journal of Digital Communication. 2019, 14(2). P. 55–72.
5. Хоммадова Г.А. Влияние компьютерных технологий на современное общество // Инновационная наука. 2024. №6-2. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/vliyanie-kompyuternyh-tehnologiy-na-sovremennoe-obschestvo> (дата обращения: 30.03.2025).